

Ясын Н.¹  Мионг Сун Ок²  Абаған А.³ 

^{1,2,3}Әл-Фабари атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: ¹nursauleel@gmail.com, ²okmyong@gmail.com, ³akerke83@gmail.com

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ОҚШАУ ҚАЛҒАНДАРҒА КАТАЛИЗАТОРЫ РЕТІНДЕ ТІГІЗГЕН ӘСЕРІ

Аңдатпа. Бұл зерттеу Оңтүстік Кореядағы оқшауға қалғандарды және COVID-19 пандемиясының олардың пайда болуын қалай жылдамдатқанын зерттейді. Жаңалыққа келетін болсақ, бұл зерттеу эпидемиядан кейінгі дәуірдегі әлеуметтік алшақтауды түсінуге көмектеседі, жаһандық денсаулық дағдарысымен шиеленіскен зерттелмеген құбылысты көрсетеді. Зерттеу мақсаты пандемия кезінде оқшауланған адамдардың жеке тәжірибесін және әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және экологиялық факторлардың олардың оқшауға қалуын қалай күшейткенін түсіну. Бұл зерттеу сонымен қатар осы топты қолдау үшін қоғаммен қайта араласу стратегиялары бойынша ұсыныстар береді. Бұл зерттеудің тапсырмалары - Оңтүстік Кореядағы адамдардың оқшаулануына әкелетін ықтимал факторларды зерттеу, пандемияның технологияны пайдалануға, әлеуметтік стресске және үкіметтің карантиндік саясатына әсеріне назар аудару. Барған сайын оқшауланған адамдардың тәжірибесін жинау үшін сапалы сұхбат пен онлайн сауалнаманы біріктіретін аралас әдістер қолданылды. Бұл тәсіл олардың технологиямен, қоғаммен және өздерінің әл-ауқатымен өзгеретін қарым-қатынасы туралы терең түсінік береді. Нәтижесінде COVID-19 пандемиясының технологияға шамадан тыс тәуелділікті айтарлықтай жеделдетіп, жайлылық аймақтарынан шығу және жұмыс пен өмір динамикасын теңестіру қиындықтарына әкелгенін көрсетеді. Отбасының шектен тыс үміті мен әлеуметтік қысымдар жеке сәтсіздік сезімін күшейтеді, ал үкіметтің карантиндік саясаты адамдарды одан әрі оқшаулады. Осы қорытындыларға сүйене отырып, емдік туризм орталықтарын құруды, «эксперименттік білім беру үлгісін» енгізуді, жеке басына арнайы тұрақты даму жоспарларын құруды ұсынды.

Кілт сөздер: COVID-19 пандемиясы, Оңтүстік Корея, оқшауға қалғандар, жалғызсыздық, қоғамнан алшақтау, депрессия, буллинг, әлеуметтік мәселе, Хикикомори, оқшаулау саясаты, өзекті міселе, психикалық ауру, үмітсіздік, травма

Кіріспе

Оңтүстік Кореяда оқшау қалғандардың пайда болуы ерекше құбылыс болды. Бұл зерттеу әлеуметтік нормалар мен мінез-құлықты қайта құрып қана қоймай, сонымен қатар оқшауға қалғандардың күрт өсуіне ықпал еткен COVID-19 пандемиясын қарастырып, пандемия адамдардың оқшаулануын және негізгі қоғамнан кетуін қалай жеделдеткенін зерттейді. Біз бұрын-соңды болмаған жаһандық дағдарыс кезінде оқшауланған адамдардың тәжірибесі мен перспективалары туралы жан-жақты түсінік беруді мақсат етіп отырмыз.

Оңтүстік Кореядағы оқшау қалғандар деп аталатын шеттелген адамдар тобының пайда болуы, әсіресе, дүние жүзілік ерекше қоғамдастықта алаңдататын мәселеге айналды. Пандемияға дейін де Оңтүстік Корея өзінің қоғамнан алыс жүргенін ұнататын жеке тұлғалармен күресіп келген, алайда, бұл көрсеткіш пандемия басталғаннан кейін күрт өсіп қайта есептелді (Jeon, Lee, 2021:511-524).

COVID-19-ға дейін, Оңтүстік Корея халқының шамамен 1%-ы оқшау қалғандарды құрады, пандемияға дейін үкімет әлеуметтік оқшаудан шығудың әр түрлі дәрежелерін ұсынды, пандемия аясында бұл көрсеткіш күрт өсіп, соңғы сауалнамалар бойынша, оңтүстік

корейлық азаматтар арасында рецензияланған мінез-құлық жағдайының айтарлықтай көтерілуін білдірді. Яғни нақты дерекке қарайтын болсақ 19-39 жас арасындағы оқшауға қалғандардың саны 2016 жылы -560000 адам құраса, COVID-19 дан кейін 2019 жылы – 610000 адам, 2023 жылы - 1290000 адам санына жетті (Park, 2023: 2-14) Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген зерттеу пандемия басталған сәттен бастап оқшау қалғандар ретінде өзін-өзі анықтайтын адамдар санының 20% -ға жеткенін айтып өтті(Lee, Choi, 2013: 193-202) . 4 жыл ішінде 1% дан 20% ға жеткені Корея үкіметінің дабыл қағып отырғанның дәйекті екенін көрсетеді.

Осылайша, пандемия көптеген әлеуметтік өзгерістердің катализаторы болды, әсіресе адамдардың технологияға шектен тыс тәуелділігінің артуын көрсетті. Адамдар қашықтықтан жұмыс істеуге, оқуға және виртуалды өзара әрекеттесуге бейімделе отырып, технология арқылы үйден шықпай-ақ көптеген қажеттіліктерін қанағаттандырып отырды. пандемия аяқталып өздеріне жайлылық аймағынан шығып, адамдар күнделікті өміріне оралып, жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау қиын екендігін түсінді.

Жаһандану заманындағы қарқынды дамып келе жатқан қоғамда адамға қойылатын талаптар күшейудің себебінен қоғам өзара таптық жіпке бөлініп отыр. Кейбіреулер заман ағымына ілесе алмай, адамдардың идеалды өмірімен (мысалы: байлық, жоғары білімді, жалақысы жоғары жұмыс, бақытты отбасы, әлемге саяхаттау) және шынайы өмір (мысалы: мектептегі ауыр жүктеме, жұмыста үстеме жұмыспен жалақының аздығы, жұмыс табудағы қиындықтар, қанағаттанарлықсыз қарым-қатынастар) арасында тым үлкен алшақтық, сондай-ақ қоғамның жетістік стандарттарына сәйкес келу қысымы артып келе жатқанда, осы стандарттарға жете алмаған адамдардың үмітін үзіп, басып тастайды.

Пандемия кезінде үкіметтің мәжбүрлі болған карантиндік саясатың салдарынан оқшау қалған адамдарға «тасталған» деген таңба басылып, олар қоғамнан шеттетіле бастады. Бұл таңбалау қоғамнан кетумен күресіп жатқан адамдар арасындағы оқшаулану және маргинализация сезімін одан әрі күшейтеді.

Оңтүстік Кореядан бөлек, мұндай құбылыстар дүние жүзінде кең таралғанын мойындау керек. Мысалы, Қазақстанда оқшауға қалған адамдар байқалған, бірақ Оңтүстік Кореяға қарағанда аз. Дегенмен, уақыт өте келе, түрлі қысым мен мәдениеттердің жинақталуына байланысты бұл әлеуметтік құбылыс Қазақстанда да көбейе бастады. Мысалы, ELKZ сайтында жариаланған журналисттік зеріттеуде Қазақстан бойынша оқшауға қалу белгілері тұңғыш байқаған Рамиль атты 27 жастағы жігіттен сұхбат алынды (https://el.kz /ru/hikikomori_moda_ili_bolezn_39153/, 2019). Сұхбат барысында Рамильдің өзінің қоғамнан оқшау қалғанын мектепте буллингке ұшырағанын, және жұмыс ортасында бастығының кемсіткенінен кейін адамдармен араласуға қорқыныш пайда болғанын айтады. Осындай мысалдарды келтіре отырып біз осы мақаламызды мәселе шешімдерін ұсынып, бұл әлеуметтік құбылыстың әрі қарай таралуына жол бермеу және сонымен бірге Оңтүстік Корея мысалы арқылы Қазақстанда оқшауға қалғандардың көбеюіне жол бермеудің шешімдерін анықтаймыз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеу тақырыпқа қатысы бар әдебиеттер мен тәжірибеге толы деректерді жан-жақты талдауға негізделген. Яғни әдістеріне пандемияның психологиялық және социологиялық әсерін бағалайтын академиялық мақалаларға, есептер мен сұхбаттарға жүйелі шолу жасалған. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясы кезінде реклюзивті мінез-құлық танытқан адамдардың тікелей түсінігі мен тәжірибесін жинау үшін сапалы сұхбаттар мен онлайн сауалнама жүргізілді.

Бұл зерттеу пандемияның психологиялық және социологиялық әсерін жан жақты зерттеу үшін келесі әдебиеттерді қолданды:

1.윤철경(Yoon Cheol-kyung)нің «고립은청년바우처지원방안연구» атты зеріттеуін қолдандым, бұл зерттеуде автор 2021-жылы Сеул қаласындағы 19-39 жас аралығындағы қала тұрғындарын нысанға алып зерттеу жасаған, зерттеу 2017 – 2021 жылдар арасындағы оқшауға қалған адамдар тобының жағдайын зерттеген. Жәнеде үкіметтің оқшауда қалған адамдарға көмек беру үшін 400 миллион қаржы бөлгені, оқшауға қалған адамдардың қайта жұмысқа тұруын орналастыру, оқшауға қалған адамдар тобының пікірлерін қабылдап жұмыстану бағыттарын белгілеу тұралы, Сеулдағы ұйымдардың оқшауға қалған адамдарға жасаған көмектесу қызметтерінің қалай жүргізілгені тұралы және үкіметпен ұйымдардың осы оқшауға қалған адамдар тобына көрсеткен қолдау көмектерінің қазірге дейін жалғасып жатырма жоқ па деген сияқты мәселелер зеріттелген, дегенмен нақты көмек беру әдісі ойдағыдай іске аспағаны тұралы айтылған (Yoon, 2022:9-253).

2.Shin Kwang Yeong «The pandemic of the COVID-19 and its impacts on work and life in South Korea» атты мақаласын қолдандым, бұл зерттеу мақалада пандемиясы кезінде Оңтүстік Кория үкіметінің оқшаулау саясатының қалай жүргізілгені тұралы, пандемия кезінде оқшаулау саясатының себебінен халықтың әлеуметтік байланыстан алшақтап кеткені және осы алшақтаудың алып келген кері әсерлері, сонымен қатар оқшаулау саясаты салдарынан адамдар үйде қамалып отырып телефонға, интернет ойындарына қатты тәуелді болғанын және оқшаулау саясаты аяқталғаннан кейінде бұрынғы өмірлеріне қайта орылуларының қиынға соққаны тұралы жазылған (Shin, 2021:1-13).

3. Zhang Lingyin атты тайвань ұлттық университетінің докторының 2023-жылғы «A shift from a cultural phenomenon to a Global Health Issue: a scoping review on associated characteristics of Hikikomori» атты мақаласын қарастырдым. Бұл мақалада 2021- 2023 жылдар арасында жүргізген зерттеуі тұралы айтынған, зерттеу 24 мемлекеттегі 24-56жас аралығындағы адамдарға жүргізілген, зерттеу барысында оқшауға қалу себебінің ең жиі кездесетін мәселелері мысалға интернетке қатты тәуелді болу, қарым-қатынас мәселесі, депрессия, ата-ана мәселесі, сәтсіздік және алаңдаушылық, бала кездегі травмалар болған. Сондай ақ, осы себептерден психологиялық ауыруға шалдыққандарда аз емес, жалғаса келе қоғамнан алшақтау, қоғамның ережелерінен тыс іс әрекеттерді жасау, қоғамдағы қалыпты қарқыннан шығып кету сияқты нәтижелерге алып келгені анықталады, жіндеде бұл мәселенің тек Жапония, Оңтүстік Корияда ғана емес жалпы әлем бойынша ұшығып жатқа өзекті және салмақты мәселе екені айтылған (Zhang, 2023:2-15).

Осы әдебиеттерді зерттеп талдау жасау барысында төмендегідей әдістер қолданылды:

Әдебиеттерді жүйелі шолу: ғылыми мақалалар, баяндамалар және сауалнамаларды мұқият тексеру арқылы COVID-19 дағдарысының адамның психологиялық пен әлеуметтік әл-ауқатына тигізген әсерін бағалау үшін жүргізілді. Бұл мақала осы қоғамдық мәселеге деген әр саладағы зерттеушілердің құнды түсініктері мен ақпараттарын алу үшін әртүрлі ғылыми көздерді талдайды.

Сапалы сұхбаттар: тереңдетілген сұхбаттар COVID-19 дағдарысы кезінде реклюзивті мінез-құлық танытқан адамдармен жүргізілді. Осы сұхбаттар арқылы автор реклюзивті мінез-құлықтардың психологиялық және социологиялық аспектілеріне қатысты тікелей түсініктер мен тәжірибе алуды мақсат етті. Сұхбаттар қатысушыларға пандемия және оның күнделікті өміріне әсері туралы өз ойларымен, сезімдерімен және жеке тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беретін ашық түрде жасалды.

Онлайн сауалнама: COVID-19 дағдарысы кезінде реклюзивті мінез-құлық танытқан адамдардан қосымша деректерді жинау үшін онлайн сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылардың психологиялық және социологиялық әсерін бағалайтын нақты сұрақтарды қамту үшін мұқият әзірленген. Бұл жауаптар деректерді жинаудың қолжетімділігі мен жеңілдігін қамтамасыз ету үшін электронды түрде жиналды.

Талқылау

Бұл зерттеу COVID-19 пандемиясының жастардың мінез-құлқы мен нормаларының өзгеруіне, олардың әлеуметтік оқшаулануына әкелген факторларға, сондай-ақ осы жағдайға байланысты жастарға түсетін әлеуметтік қысымға, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне және үкімет енгізген оқшаулау саясатына назар аударады.

2022 жылғы зерттеу (Cho et al., 2025) көрсеткендей, оқшауланған жасөспірімдер оқшауланбаған құрдастарына қарағанда әлеуметтік желілерінің тарылуы, экономикалық және психологиялық тұрақтылықтың төмендігі сияқты қиындықтарға жиірек тап болып, бұл олардың өмір сапасының нашарлауына әкеледі. 2017 жылдан 2021 жылға дейін 19 бен 39 жас аралығындағы Сеул тұрғындарына жүргізген Юн Чеол Кённың «Оқшаулау: Жастарды ваучерді қолдау жоспары» зерттеуіне сәйкес, Корея үкіметі бұл топқа экономикалық қолдау мен жұмыс берді, бірақ оның салдары аса маңызды болмады.

2013–2021 жылдардағы әлеуметтік зерттеулердің микродеректері (Social Survey microdata) негізінде жүргізілген зерттеуге сүйенсек (Kim et al., 2024), пандемия кезіндегі жастардың онлайн байланысы мен өзара әрекеттестігі белгілі бір деңгейде артқанымен, олардың әлеуметтік оқшаулануы одан әрі күшейіп, нәтижесінде олардың өміріне теріс әсер еткен. Юн Чхоль-гённің (2017-2021) зерттеуі әлеуметтік қолдау мен реинтеграциялық бағдарламалардың тиімділігіне бағытталса, Шин Кван-ённың (2021) еңбегі пандемия кезіндегі оқшаулану, технологияға шамадан тыс тәуелділік және локдаун саясатының туындатқан әлеуметтік үзілу мәселелеріне назар аударған.

Бұл зерттеулер пандемияның жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік оқшаулануды күшейтіп, олардың өміріне теріс әсер ететінін көрсетеді. Бұл зерттеу пандемия кезінде барған сайын оқшауланған адамдардың ішкі өмірін, олардың технологияға шамадан тыс тәуелді болу себептерін, жастардың әлеуметтік үмітінің артуы оларды оқшаулауға қалай мәжбүр ететінін және үкіметтің карантиндік саясаты бұл оқшаулануды қалай күшейтетінін зерттейді. Бұл зерттеудің ғылыми негізі COVID-19 пандемиясының оқшауланған жасөспірімдерге әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар Қазақстандағы жағдаймен одан әрі салыстыру үшін негіз болады.

Зерттеу нәтижелері

Жоғарыда көрсетілген әдебиеттерді және мақалаларды негізгі зерттеу құралы ретінде қолданып жәнеде басқа авторлардың зерттеуін қарастыра отырып оқшауға қалған адамдар тобының туады пайда болған мәселе емес екенін және қазіргі қоғамның қысымында жас өспірімдердің жүректеріне жарақат алып, мінез құлықтарының өзгеріп кететінін байқадым. Мысалға алып айтқанда, ең алдымен үйде ата анасының қарым-қатынасы баланың алғашқы мінезіне әсер етеді, өздеріне сенімсіздік сезімін жинап, қорқыныш пайда болады, жалғаса келе мектепте балалармен араласу кезінде тұйық мінезді характер қалыптасып өз ортасынан шеттетіле бастайды немесе буллингке ұшырап мектеп кезінен депрессеге ұшырайтын оқиғаларда аз емес.

Кейіннен жұмысқа шыққанда өзіне сенімсіз болғандықтан басқалардың ойына өте көп мән береді, алаңдаушылық сезімі ардайым жүрегінен кетпейді, адам аз ортаны қалайды, жұмыстан түсіп үйге келген сәтін бақытты сезінеді, жәнеде жылдам дамыған қоғамға ілесу де қиындай түскен кезеңде COVID-19 пандемиясының оқшаулау саясаты осы топтағы адамдар үшін үміттің жалыны ретінде көрінеді, алаңсыз өз үйінде отырып жұмыс жасайды, үстінен қарап бақылап қадағалап отыратын адам болмағандықтан прокрастинация әкеліп соғадыда жұмысты кейінге қалтырып интернет ойындарына басқада интернет желілерне тәуелдене бастайды.

Адамның нәпсісі деген барлық жанға айқын өзін бақытты сезіндіру үшін қолдан келген әдістердің бәрін істейді, және қанағаттанбай оданда көп талап етеді, осылайша үйдегі

ыңғайлы атмосфераға үйреніп қалған адам, сырттағы қорқынышты ойлап салыстырғанда үйде отыруды жөн көреді де әлеуметтік байланыстан мүлдем бас тартады.

Сонымен қатар әлеуметтік өзгерістерді, әлеуметтік қысымдарды және үкімет саясатын зерттей отырып, бұл зерттеу жаһандық пандемия кезінде барған сайын оқшауланған адамдардың тәжірибесін түсінуге бағытталды. Зерттеу сондай-ақ мұндай құбылыстардың бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да оқшауға қалғандар пайда бола бастаған екенін айтты.

Бұл зерттеудің нәтижелері Оңтүстік Корея оқшауға қалғандар тобының мәселесін өзекті және салмақты мәселе деп есептеп шешу жолдарын, оқшауға қалған адамдар тодына көмек көрсету әдістерін қарастырып жатқаны айқын мысалға 400 миллион қаражат бөліп оқшауға ұалған адамдар тобын қайта жұмыстандыруға бағытталған жоспарларды құрып ынталандыруда, алайда бұл жоспарлары жүргізілгенмен сәтті, оң нәтиже алып келді деп айтуға келмейді. Себебі, нәтиженің көрсеткішіне қарағанда үйден шығып жұмыс жасап кеткен адамдар қте аз. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясының әлеуметтік динамикаға және жеке әл-ауқатқа айтарлықтай әсерін көрсетеді, әсіресе оқшауға қалғандардың пайда болуымен байланысты. Пандемия тудырған технологияға тәуелділік пандемиядан кейінгі жеке қарым-қатынасты қайта реттеуде қиындықтар туғызды, оқшаулану сезімін күшейтті және жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігін сақтау қиындықтарын тудырды. Сонымен қатар, әлеуметтік қысымдар мен үміттену сезімі, өсіп келе жатқан таптық жіктелумен бірге, жеке жеткіліксіздік сезімін және әлеуметтік қысымды күшейтіп, қоғамнан кері кетудің күшеюіне әкеледі.

Пандемия кезінде жүзеге асырылған үкіметтің оқшаулау саясаты жасырын белгілері бар адамдарды байқаусызда стигматизациялады, бұл бас тарту және оқшаулану сезімін сақтайтын белгі, зардап шеккен адамдардың психикалық денсаулығына қатысты қиындықтарды күшейтеді. Сонымен қатар, зерттеу Қазақстан сияқты елдерде пайда болғанын атап өтіп, бұл құбылыстың жаһандық сипатын көрсетеді.

Осы тұжырымдарға жауап ретінде менің зерттеуім ұсынатын шешу әдісі осы оқшауға қалған адамдардың негізгі себебінен бастап қолға алып, яғни олардың ішкі дүниесі жарақаттанған сондықтан алдымен ішкі дүниесін емдеу керек, үйге психолог жіберу, нәсихаттау арқылы сыртқа шығаруға ынталандыру керек, екінші кезекте психология орталығына барып кішкентай топ құрап бір бірінің әңгімесін тыңдау арқылы бір бірін емдеу керек деп ойлаймын.

Жұмысқа тұру бағытын қарастырғанда әр оқшауға қалған адамдардың армандаған жұмысына барынша мән беріп сол бағытта жұмысқа орналастыруға немесе мүмкіндік ашып беруге тырысы керек деп ойлаймын. Мысалға алып айтқанда оқшауға қалған адамдар көбінесе интернет ойындарына тәуелденген, ал интернет ойындарында қазір олимпиада ойындарының бірі болп саналған ойындар бар, сол бағытты мүмкіндігі бар адамға жұмыс рентінде жасатуға болады, жәнеде орталық жалғыз адамдық жеке кеңсе кәбинетін ашып, осы топтағы адамдардың үйде емес үйден шығып орталық жеке кеңсеге барып жұмыс жасауға рұхсат беру керек, осылай болғанда адамдар өз компанияларындағы өз мамандығында жұмыс жасай алады, және бақылауда қадағалауда болады, жұмысан түскен кездеде әлеуметтік қоғамда адамдар арасында жүріп үйлесе бастайды.

Оқушыларға арнайы мектеп ашу керек жәнеде барынша абайлықпен, нәзіктікпен, ерекше көңіл бөліпу керек үйткені нәзәк жүректері жараланған әлсіз мінезді балалр екенін ескеру керек. Жеке кәсіп орнын ашқысы келетін адамдардың мінез құлқына талабына байланысты жеңіл және жұмыс барысында өздерін емдей алатын жұмыс орнын ашып беруге тырысу керек, мысалға торт жасайтын дүкен, кітап оқитын орталық, гүл дүкені сияқты.

Зерттеу үкіметтердің оқшауланған адамдарға қолдау көрсету үшін белсенді шаралар қабылдауының маңыздылығын көрсетеді. Бұған үкіметтің, оқшауға қалғандарды сауықтыру

тәжірибесінің сарапшылары мен психологтарының «емдік туризм орталықтарын» құруы кіреді, өйткені туризм адамның денесі мен санасын босаңсытып демалдырады. Емдік туризм арқылы адамдар үйден шығып, ой-өрісін кеңейтіп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алады. Осындай ортада өз құндылықтарын таба алады; Үкімет арнайы әзірленген «эксперименттік білім беру моделін» жүзеге асыра алады. Эксперименттік деп аталатын білім беру моделі дәстүрлі мектептегі оқыту әдісі сияқты емес, бірақ сол топтар үшін бірегей эксперименталды оқытуды дамытады, немесе олардың ерекше жақтары мен қалауларына негізделген даладағы ашық сыныптар, шығармашылықты дамыту, өз бетінше білім алу және олардың қоғамға қайта қосылуына және жеке өсу мен дамуына ықпал ететін басқа оқыту әдістері сияқты әдістер. Сонымен қатар, тұрақты дамудың дербестендірілген жоспарларын құру жеке адамдарға оқшаулану қиындықтарымен күресу үшін ұзақ мерзімді қолдауды қамтамасыз ете алады және оқшауға қалған адамдар үшін мамандықтары мен әлеуеті бар ортаны қамтамасыз ете алады, осылайша олар өздерінің таланттарын жүзеге асыра алады және өздерінің қоғамға қажет адамдар екенін тексере алады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, оқшауға қалған адамдар тобының ішкі жан дүниесінің өте нәзіктігін байқаймыз, бұл топтағы адамдарды жалпылама алып емдеуге келмейді, барынша нақты топтарға бөліп аздан аздан емдеу керек және ең алдымен психологиялық көмек көрсету керек, жараланған ішкі жан дүниелерін емдегеннен кейін, қоғамға үйлестіруге, үйретуге әрекет жасау керек. Сонымен қатар, оқшауға қалған адамдар тобына тек үкімет және қздері ғана көмек көрсете алады деген көзқарас қате деп айтуға болады, осы адамдардан тыс ата-анасы жақын жандары шыдамдылық, сабырлық танытып ұзақ уақыт қолдауы керектігін айта кеткім келеді. Бұл ұзақ процес екенін естен шығармауымыз керек, бұл зерттеу Оңтүстік Кореядағы жалғызбастылар құбылысына жарық түсірді және олардың жедел өсіп кетуінің катализаторы ретінде COVID-19 пандемиясының рөлін атап өтті. Сапалы сұхбаттар мен онлайн сауалнамаларды қамтитын аралас әдістерді қолдану арқылы біз осы жаһандық пандемия кезінде оқшауланып, тұйықталып бара жатқан адамдардың тәжірибесі мен перспективалары туралы құнды түсінік алдық.

Пандемия елеулі әлеуметтік өзгерістерге әкелді, соның ішінде технологияға шамадан тыс тәуелділік және қоғамдық стандарттарына сәйкес келу үшін әлеуметтік қысымды күшейтті. Үкіметтің карантиндік саясаты зардап шеккен адамдар арасындағы оқшаулану мен маргинализация сезімін одан әрі күшейтіп, стигматизация мен таңбалауға әкелді.

Осы тұжырымдарға жауап ретінде үкіметтер оқшауланған адамдарға қолдау көрсету үшін белсенді шаралар қабылдауы қажет. Бұл емдік туризм орталықтарын құруды қамтиды, онда жеке адамдар денелері мен ақыл-ойын босаңсыту, ой-өрісін кеңейту және қоғаммен қайта байланыс орнату әрекеттерімен айналыса алады. Сонымен қатар, жеке тұлғалардың күшті жақтары мен қалауларына бейімделген эксперименталды білім беру үлгісін енгізу олардың қоғамға қайта қосылуын жеңілдетіп, тұлғаның өсуі мен дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, тұрақты дамудың жекелендірілген жоспарларын құру оқшаулану қиындықтарымен күресетін адамдарға ұзақ мерзімді қолдау көрсете алады, олардың таланттарын жүзеге асыруға және қоғамға маңызды тұлға екенін сезінуге мүмкіндік береді. Постпандемиядан кейінгі қоғамдарда инклюзивтілік пен әл-ауқатқа жәрдемдесу арқылы бұл шаралар барлық адамдар үшін көбірек қолдау көрсететін және төзімді қоғамдастыққа ықпал ете алады.

Әдебиеттер:

Chong, Jia et al., 2021 – *Chong, K.C., Jia, K. et al.* Prioritized conceptual insights on COVID-19 cases and contact tracing for managing post-coronavirus-2021 // *JMIR Public Health and Surveillance*. 2023. №7. <https://doi.org/10.2196/30968> (Қаралған күні: 15.02.2024).

Cho et al., 2025 – *Cho U.Y., Kang, S.W. et al.* A Study on the Quality of Life of Hikikomori-Youth and those with Hikikomori Family Members: The Role of Social Networks, Economic Stability, and Psychological Well-Being *Journal of Future Society*. Vol. 16, №3. C. 51-68.

Jeon, Lee, 2021 – *Jeon, W., Lee, C.* Psychological effects of COVID-19 publications and changes in South Korea during the pandemic: A subjective study // *South Korea Psychology: General*. 2021.T. 40. № 3. C. 511–524.

Jin, Choi, 2023 – *Jin, Y.J., Choi, H.M.* Association of game use with loneliness and social isolation: A nationwide Korean study // *Research Square*. 2023. C. 2–13.

Jo, Chang et al., 2021 – *Jo, W., Chang, D. et al.* COVID-19 effects and policy responses in South Korea: Insights from the survey // *Scientific Reports*. 2021. № 3.

Kim, Lee, 2021 – *Kim, Y., Lee, H.* The impact of COVID-19 on the significance of youth activities in South Korea // *South Korea Psychology*. 2021. № 89. C. 123–130.

Kim et al., 2024 – *Kim, S., Choi Y.J. et al.* The Dynamics and Consequences of Social Isolation amid the Pandemic // *Korean Society of Social Security*. 2021. Vol.40. №1. C.147-185.

Kwok, Wei et al., 2021 – *Kwok, K.O., Wei, W.I. et al.* Changes in public service activities from January to August 2020 due to COVID-19: A retrospective study // *Journal of Medical Internet Research*. 2021. № 23. e26645.

Lee, Kim, 2021 – *Lee, J., Kim, S.* COVID-19's influence on contagious diseases and the potential of political agendas in South Korea // *South Korea Psychology: General*. 2021.T. 25. № 2. C. 117–134.

Lee, Lee et al., 2013 – *Lee, Y.S., Lee, J.Y. et al.* Finding, preparing, and expanding programs for socially withdrawn youth in Korea // *Psychiatry and Clinical Neurosciences*. 2013. № 67. C. 193–202.

Park, 2023 – *Park, J.W.* Article on the impact of social isolation // *The Korea University Newspaper*.

Park, Choi, 2020 – *Park, S., Choi, E.* Psychological effects of the COVID-19 pandemic on South Koreans: A longitudinal study // *South Korea Psychology*. 2020. T. 31. № 3. C. 221–227.

Shin, 2021 – *Shin, K.Y.* The pandemic of COVID-19 and its impacts on work and life in South Korea. Seoul: Friedrich-Ebert-Stiftung Korea Office. 2021. C. 1–13.

Song, Park, 2020 – *Song, H., Park, J.* COVID-19 pandemic as a catalyst for social relationships through technology: A South Korean perspective // *International System Perspectives*. 2020. №14. C. 4725–4743.

Yoon, 2022. – *Yoon, C.K.* A study on support voucher policies for socially withdrawn youth. Seoul: Seoul Metropolitan Government Research Center. 2022. C. 9–253. (in Kor).

Zhang, 2023 – *Zhang, L.Y.* A shift from a cultural phenomenon to a global health issue: A scoping review on associated characteristics of hikikomori // *Airiti Library*. 2023. C. 2–15.

Хикомори: мода или болезнь? (Хикикомори: сән бе, әлде ауру ма?). 2019.https://el.kz/ru/hikikomori__moda_ili_bolezn___39153/ (Қаралған күні: 15.02.2024).

References:

Chong, Jia et al., 2021 – *Chong, K.C., Jia, K. et al.* Prioritized conceptual insights on COVID-19 cases and contact tracing for managing post-coronavirus-2021 // *JMIR Public Health and Surveillance*. 2023. №7. <https://doi.org/10.2196/30968> (Date accessed: 15.02.2024). (in Chin).

Cho et al., 2025 – *Cho U.Y., Kang, S.W. et al.* A Study on the Quality of Life of Hikikomori-Youth and those with Hikikomori Family Members: The Role of Social Networks, Economic Stability, and Psychological Well-Being *Journal of Future Society*. Vol. 16, №3. C. 51-68. (in Kor).

Jeon, Lee, 2021 – *Jeon, W., Lee, C.* Psychological effects of COVID-19 publications and changes in South Korea during the pandemic: A subjective study // *South Korea Psychology: General*. 2021. T. 40. № 3. C. 511–524. (in Kor).

Jin, Choi, 2023 – *Jin, Y.J., Choi, H.M.* Association of game use with loneliness and social isolation: A nationwide Korean study // *Research Square*. 2023. C. 2–13. (in Kor).

Jo, Chang et al., 2021 – *Jo, W., Chang, D. et al.* COVID-19 effects and policy responses in South Korea: Insights from the survey // *Scientific Reports*. 2021. № 3. (in Kor).

Kim, Lee, 2021 – *Kim, Y., Lee, H.* The impact of COVID-19 on the significance of youth activities in South Korea // *South Korea Psychology*. 2021. № 89. C. 123–130. (in Kor).

Kim et al., 2024 – *Kim, S., Choi Y.J. et al.* The Dynamics and Consequences of Social Isolation amid the Pandemic // *Korean Society of Social Security*. 2021. Vol. 40. №1. C. 147–185.

Kwok, Wei et al., 2021 – *Kwok, K.O., Wei, W.I. et al.* Changes in public service activities from January to August 2020 due to COVID-19: A retrospective study // *Journal of Medical Internet Research*. 2021. № 23. e26645. (in Chin).

Lee, Kim, 2021 – *Lee, J., Kim, S.* COVID-19's influence on contagious diseases and the potential of political agendas in South Korea // *South Korea Psychology: General*. 2021. T. 25. № 2. C. 117–134. (in Kor).

Lee, Lee et al., 2013 – *Lee, Y.S., Lee, J.Y. et al.* Finding, preparing, and expanding programs for socially withdrawn youth in Korea // *Psychiatry and Clinical Neurosciences*. 2013. № 67. C. 193–202. (in Kor).

Park, 2023 – *Park, J.W.* Article on the impact of social isolation // *The Korea University Newspaper*. (in Korean).

Park, Choi, 2020 – *Park, S., Choi, E.* Psychological effects of the COVID-19 pandemic on South Koreans: A longitudinal study // *South Korea Psychology*. 2020. T. 31. № 3. C. 221–227. (in Kor).

Shin, 2021 – *Shin, K.Y.* The pandemic of COVID-19 and its impacts on work and life in South Korea. Seoul: Friedrich-Ebert-Stiftung Korea Office. 2021. C. 1–13. (in Korean).

Song, Park, 2020 – *Song, H., Park, J.* COVID-19 pandemic as a catalyst for social relationships through technology: A South Korean perspective // *International System Perspectives*. 2020. №14. C. 4725–4743. (in Kor).

Yoon, 2022. – *Yoon, C.K.* A study on support voucher policies for socially withdrawn youth. Seoul: Seoul Metropolitan Government Research Center. 2022. C. 9–253. (in Kor).

Zhang, 2023 – *Zhang, L.Y.* A shift from a cultural phenomenon to a global health issue: A scoping review on associated characteristics of hikikomori // *Airiti Library*. 2023. C. 2–15. (in Chin).

Хикомори: мода или болезнь? (Хикикомори: сән бе, әлде ауру ма?). 2019.

https://el.kz/ru/hikikomori__moda_ili_bolezn__39153/ (Date accessed: 15.02.2024). (in Rus).

¹Ясын Н., ²Мионг Сун Ок, ³Абаған А.

^{1,2,3} *Казахский Национальный Университет Имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: ¹nursauleel@gmail.com, ²okmyong@gmail.com, ³akerke83@gmail.com*

ПАНДЕМИЯ COVID-19 КАК КАТАЛИЗАТОР РОЖДЕНИЯ ЗАТВОРНИКОВ В ЮЖНОЙ КОРЕЕ

Аннотация. Это исследование изучает феномен отшельников в Южной Корее и то, как пандемия COVID-19 ускорила их появление. В плане новизны это исследование помогает понять социальную изоляцию в постпандемическую эпоху, выявляя не исследованное явление, усугубленное глобальным кризисом здравоохранения. Цель исследования – понять личный опыт людей, которые стали изолированными во время пандемии, и как различные социальные, психологические и экологические факторы усилили их изоляцию. Это исследование также дает рекомендации по стратегиям реинтеграции для поддержки этой группы. Задача исследования – исследовать возможные факторы, приводящие к изоляции в Южной Корее, с акцентом на влияние пандемии на использование технологий, социальный стресс и карантинные меры правительства. Для сбора данных использовался смешанный метод, включая качественные интервью и онлайн-опросы, чтобы собрать опыт все более изолированных людей. Этот подход предоставил глубокое понимание их изменяющихся отношений с технологиями, обществом и их собственным благополучием. Результаты показывают, что пандемия COVID-19 значительно ускорила зависимость от технологий, что привело к трудностям в выходе из зоны комфорта и балансировании работы и жизни. Чрезмерные семейные ожидания и социальное давление усилили чувства неудачи, а карантинные меры правительства еще больше изолировали людей. Основываясь на этих выводах, авторы рекомендуют создать терапевтические туристические центры, внедрить «экспериментальную образовательную модель» и разработать индивидуальные устойчивые планы развития.

Ключевые слова: Пандемия COVID-19, Южной Корее, затворники, одиночество, социальная изоляция, депрессия, буллингб социальная проблема, Хикикомори, политика изоляции, актуальная проблема, психическое заболевание, безысходность, травма.

¹Yassyn N., ²Myong Soon-ok, ³Abagan A.

^{1,2,3} *Al-Farabi Kazakh National Univercity, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ¹nursauleel@gmail.com, ²okmyong@gmail.com, ³akerke83@gmail.com*

THE COVID-19 PANDEMIC AS A CATALYST FOR PRODUCTION OF RECLUSIVE LONERS IN SOUTH KOREA

Abstract. This study examines reclusive loners in South Korea and how the COVID-19 pandemic has accelerated their emergence. In terms of novelty, this research helps understand social isolation in the post-pandemic era, highlighting an underexplored phenomenon exacerbated by a global health crisis. The purpose of the study is to understand the personal experiences of individuals who became isolated during the pandemic and how various social, psychological, and environmental factors have intensified their isolation. This study also offers recommendations for reintegration strategies to support this group. The task of the research is to examine the potential factors leading to isolation in South Korea, focusing on the pandemic's influence on technology use, social stress, and government quarantine policies. A mixed-methods approach was used, combining qualitative interviews and online surveys to gather the experiences of increasingly isolated individuals. This approach provided in-depth insights into their changing relationships with

technology, society, and their own well-being. The results show that the COVID-19 pandemic significantly accelerated over-reliance on technology, leading to difficulties in stepping out of comfort zones and balancing work-life dynamics. Excessive family expectations and social pressures intensified feelings of failure, while government quarantine policies further isolated individuals. Based on these findings, the authors recommend establishing therapeutic tourism centers, introducing an "experimental education model," and creating personalized sustainable development plans.

Key words: COVID-19 pandemic, South Korea, reclusive loners, loneliness, social isolation, depression, bullying, social issue, Hikikomori, isolation policy, current issue, mental illness, hopelessness, trauma.

Авторлар туралы мәлімет:

Ясын Нұрсәуле, Шығыстану Корейтану мамандығының магистранті, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Мионг Сун Ок, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің қиыр шығыс кафедрасының PhD Доценті, Алматы, Қазақстан.

Абаған Ақерке, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, доцент м.а., аға оқытушы, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторх:

Ясын Нұрсәуле, магистрант специальности "Востоковедение, корееведение" Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Мионг Сун Ок, PhD, доцент кафедры Дальнего Востока Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Абаған Ақерке, заведующая кафедрой, старший преподаватель, доцент (и.о.) Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Yassyn Nursaula, Master's student in Oriental Studies specializing in Korean Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Myong Soon-ok, PhD Associate Professor of the Department of Far Eastern Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Abagan Akerke, Acting Associate Professor, Senior Lecturer, Head of the Department at Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.